

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«6М020600 – ДІНТАНУ» мамандығы бойынша

ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

*** * ***

ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДИСЦИПЛИН

по специальности «6М020600 – РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ»

Алматы 2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«6М020600 – ДІНТАНУ» мамандығы бойынша

ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

*** * ***

ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДИСЦИПЛИН

по специальности «6М020600 – РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ»

Алматы 2017

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде **ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН.**

2. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығы негізінде бекітілген типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген (191 қосымша). ҚР Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 05 шілдедегі №425 бұйрығымен өзгертулер енгізілген.

3. Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымындағы №2 мәжіліс хаттамасының шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің рұқсатынсыз осы типтік бағдарламаларын көбейтуге және таратуға болмайды.

1. **РАЗРАБОТАНЫ И ВНЕСЕНЫ** Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.

2. Типовая учебная программа разработана в соответствии с типовым учебным планом, утвержденным приказом исполняющего обязанности Министра образования и науки Республики Казахстан от 16 августа 2013 года № 343 (Приложение 191). Внесены изменения приказом Министра образования и науки РК от 5 июля 2016 № 425.

3. **УТВЕРЖДЕНЫ** протокольным решением №2 заседания Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования от 30 июня 2016 года.

Настоящие типовые учебные программы не могут быть тиражированы и распространены без разрешения Министерства образования и науки Республики Казахстан

KDM 5301 – ҚАЗІРГІ ДІНТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ғылыми және педагогикалық бағыт)

Көлемі 2 кредит

Байтенова Н.Ж. – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры

Пікір жазғандар:

Сыргакбаева А.С. – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

Сатершинов Б.М. – философия ғылымдарының докторы, ҚР БжҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, дінтану бөлімінің меңгерушісі

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Қазіргі дінтану мәселелері» пәні 6M020600 - «Дінтану» бағыты бойынша базалық пәндердің міндетті пәндер блогына кіреді. «Қазіргі дінтану мәселелері» курсының ішінде қазіргі дінтанулық парадигмалар, оның зерттеу аймағының пәндік ерекшеліктерін анықтау, зерттеудің теориялық және әдіснамалық қағидалары және діни мәдениеттің ерекше феномені ретіндегі генезисі, діннің заманауи теориялары: философиялық, әлеуметтанулық, психоаналитикалық тұжырымдамалары, діндарлық мәселелері мен оның қазіргі қоғамда көрініс табуы, секуляризация, десекуляризация, постсекулярлы қоғам және десакрализация сынды сұрақтары анықталады. Алынған білімдер магистранттың қазіргі кездегі әлемнің діни келбетін, адамзат қоғамының рухани сферасын сипаттайтын қазіргі таңдағы қалыптасып отырған күрделі діни, саяси-мәдени және құқықтық жағдаяттардан хабардар болуына және ғылыми негізде діннің даму үрдістерін болжауға мүмкіндік береді.

«Қазіргі дінтану мәселелері» пәнін меңгеру нәтижесінде магистрант міндетті:

білуі керек: дінтанудың негіздерін, оның пәндік саласын нақты ажыратуға, дінтанудың теориялық және әдіснамалық қағидаларын; дін жайлы негізгі дінтанулық тұжырымдамаларды, діннің пайда болуы мен философиялық, әлеуметтанулық, психоаналитикалық мәні жайлы, секуляризация, десекуляризация, постсекулярлы қоғам, сакрализация және десакрализация, діндарлық пен оның қазіргі қоғамдағы көріністерінің мәселелері туралы.

істей алуы тиіс: дінтанудың пәндік саласын теологиядан, атеизмнен ажырата білуі; дінді мәдени феномен ретінде қарастыру; дінтанулық

зерттеудің негізгі теориялық және әдіснамалық қағидаларын пайдалану; дін жайлы негізгі тұжырымдамаларды талдау, діннің шығу тегі мен философиялық, әлеуметтанулық, психоаналитикалық мәні жайлы білу, кең таралған діндердің діни кешенін сипаттау; діни мұраның теориялық-танымдық ерекшеліктерін талдау; діннің қоғам өміріндегі ролі мен маңызын тарихи және өзекті аспектілер тұрғысынан түсіну; секуляризация, десекуляризация, постсекулярлы қоғам, сакрализация және десаκραлизация үдерістерін ажырату; діндарлық пен оның қазіргі қоғамдағы көріністерінің мәселелері туралы сұрақтарға жауап бере алуы.

дағдысы болуы керек: ақпараттар дереккөздерімен жұмыс істеу; зерттеліп отырған пән саласында аналитикалық ойлау; діни негіздегі қақтығыстарды туғызбайтын ойлау жүйесін дамыту; дінтанудың қалыптасуы мен даму тарихы жайлы өткенді шолатын мазмұнды баяндау; діни дереккөздердің мәтіндерімен жұмыс жасау.

Пререквизиттер мен постреквизиттер: Отандық және шетелдік дінтану тарихы, діндер тарихы, дін философиясы, дін әлеуметтануы, дін психологиясы, дін феноменологиясы.

Оқыту нәтижелері. Жалпы құзіреттіліктер:

қолданбалы:

- Ауызша және жазбаша ойтұжырымды логикалық қисынды, дәйекті және түсінікті құра білу;
- Сұхбаттаса алатын деңгейде, шетелдік ақпараттарды табу мен талдай алатын деңгейде шетел тілін меңгеру;
- **тұлғааралық:** жеке тұлғалық және әлеуметтік маңызды дүниетанымдық, діни мәселелерді, діни оқиғалар мен үрдістерді түсіну және талдау, діндер тарихы жайлы білімін кәсіби және қоғамдық іс-әрекеттерде пайдалану; тарихи үдерістің заңдылығы және қозғаушы күшін, ондағы адамның алар орнын түсіну;
- **жүйелік:** мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың ортақ мәдениетін қалыптастыруға, мүмкіндігі шектеулі адамдар және олардың отбасыларымен діни сауаттылық жұмысын жүргізу үшін мәдениет мекемелерімен өзара әрекеттесуге дайындық;
- **пәндік**
- кәсіби міндеттегі мәтіндерді редакциялау және жасай білу;
- отандық және шетелдік дінтану мен әдістемелік мұраларды кәсіби іс-әрекеттерде, заманауи әдістемелік бағыттар мен тұжырымдамаларды өз кәсібінде пайдалана білу.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

1	Дінтанудың қазіргі ахуалы: пәні, функциясы және ғылымдар жүйесіндегі орны.
2	Дінтанудың теориялық және әдіснамалық мәселелері
3	Дін түсінігі. Дін мәдениет феномені ретінде. Діндер классификациясы.
4	Діннің мәндік сипаты жайлы философиялық тұжырымдамалар
5	Діннің әлеуметтанулық тұжырымдамалары
6	Дін феноменінің психоаналитикалық парадигмалары
7	Діндарлық мәселесі және оның қазіргі қоғамда көрініс табуы. Заманауи тұлғаның діни тұрғыда өзін-өзі анықтауы.
8	Жаңа діни қозғалыстар: түсінігі, мәні, мәселелері
9	Дін тарихының қазіргі мәселелері
10	Дін психологиясы: негізгі мәселелері және даму болашағы
11	Дін философиясының қазіргі мәселелері
12	Дін әлеуметтануының қазіргі мәселелері
13	Дін феноменологиясының қазіргі мәселелері
14	Дін антропологиясының қазіргі мәселелері
15	Қазіргі Қазақстандағы дінтану: хал-ахуалы және болашағы

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Курстың мақсаты: заманауи дінтанудың мәселелері мен өзектілігін анықтау. Бұл мақсат мыналарды жобалайды: дінтанудың ерекшелігін ашу, дінтанудың пәндік салаларын анықтау, дінтанудың пәнін теология мен атеизмнен жіктеу, дін жайлы дінтанудың әртүрлі заманауи теорияларын талдау, секуляризация, десекуляризация, постсекулярлы қоғам, сакрализация және десакрализация құбылыстары, олардың қазіргі қоғамдағы көрініс табу мәселелерін айқындау. Жаңа діни қозғалыстармен байланысты сұрақтар, олардың түсінігі, мәні, мәселелері қарастырылады. Дінтанудың негізін құрайтын дін тарихы, дін философиясы, дін әлеуметтануы, дін психологиясы, дін феноменологиясы, дін антропологиясы мәселелеріне баса назар аударылады.

Курстың міндеті:

- дінтанудың пәнін академиялық ғылым ретінде анықтау: мәселесі мен оның даму болашағын анықтау;
- заманауи дінтанудың негізгі даму үрдістерін анықтау;
- діннің пайда болуы туралы заманауи дінтанудың негізгі тұжырымдамаларымен таныстыру;
- қазіргі қоғамдағы діннің ролі мен орны жайлы ой түйіндей отырып, қазіргі дінтанудың жай-күйі, болашағы жайлы, сонымен қатар әлемдік қауымдастықтардың жаһандануы мен секуляризация жағдайындағы

түсініктерді қалыптастыру;

- дінтанудың қазіргі кездегі хал-ахуалы, оның мәселелері мен негізгі даму үрдістері жайлы түсінік беру;

- дінтанудың қазіргі мәселелеріне байланысты салыстырмалы талдау жасау және дінтанулық білімнің болашағы мен даму үдерісін анықтау қабілетін қалыптастыру;

- дінтанудың өзекті мәселелері мен дінтанулық білімнің даму келешегін өз бетінше талдау үшін теориялық негіздерді меңгеру.

«Қазіргі дінтану мәселелері» пәнінің нысаны болып дінтанудың ғылыми және оқу пәні, теориялық және әдіснамалық мәселелер, діннің дінтанулық тұжырымдамалары, діндарлық пен жеке тұлғаның діни идентификациясы, секуляризация, десекуляризация, постсекулярлы қоғам, сакрализация және десаκραлизация құбылыстары, олардың қазіргі қоғамдағы көрініс табу мәселелері, дінтанудың құрамдас бөліктері және олардың дамуының негізгі үрдістері табылады.

«Қазіргі дінтану мәселелері» курсының зерттеу нысанына дінтанудың пәні, дінді зерттейтін басқа пәндермен байланысы, дінтанудың теориялық және әдіснамалық қағидалары, дін жайлы дінтанулық тұжырымдамалар, заманауи дінтанудың негізгі мәселелері жатады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дінтанудың қазіргі ахуалы: пәні, функциясы және ғылымдар жүйесіндегі орны

Қазіргі гуманитарлық білімдер жүйесіндегі дінтанудың орны. Рух туралы ғылымдар шеңберіндегі дінтанудың мәртебесі. Дінтанудың пәні, нысаны және мақсаты. Дінтану және теология, құдай туралы ілім, исламтану, ортақтығы мен айырмашылығы, пәндік салаларының өзгешелігі. Дінтанудың дамуының негізгі кезеңдері.

Дінтанудың ғылыми мәртебесі мен пәнін анықтаудағы мәселе, қоғамның рухани өміріндегі орны мен ролі. Дінтанудың нысанының (кең деңгейдегі дін мәселесі), оның феномені мен эпифеномендерінің, оның функционалдық құрылымының, рухани мәнінің фальсификациясы жайлы түсіндірмелер.

Дінтануды түрлі қағидаларға байланысты бөлу үрдісі: теориялық және эмпирикалық, философиялық және тарихилық, жалпы және жалқы, теологиялық және зайырлы, ішкі және сыртқы. Жаңа дінтанулық парадигмаларға байланысты ізденіс. Метадінтану дінтанудың тарихы мен теориясы ретінде. XX ғасырдың екінші жартысындағы дінтанудың дағдарысқа ұшырау себептері.

Дінтанудың теориялық және әдіснамалық мәселелері

Қазіргі дінтанудағы әдіс және әдіснама мәселесі. Дінтанудың теориялық және әдіснамалық негіздерін өңдеу қажеттілігі. Ф.М. Мюллер

«Дін туралы ғылымға кіріспе». К. Тиле және оның фундаменталды теориялық-әдіснамалық еңбегі «Дін туралы ғылымның негізгі қағидалары». К. Тиле діннің мазмұны мен мәні, оны тану жолдары мен әдістері, дін туралы ғылымның мақсаты мен міндеті. П. Шантепи де ля Соссе және Э. Ренанның теориялық-әдіснамалық идеялары. П. Шантепи де ла Соссе дінтанудың теориялық негіздері жайлы.

Дінтанудың әдіснамалық негіздері, компаративизм, эмпирикалық деректілік, зерттеудің теориялық негізділігі қағидалары, объективтілік, тағаттылық, бейтараптылық, саяси туралық пен шынайы ғылымдық. Дінді зерттеудің әдіснамалық ыңғайларындағы плюрализм дінтанудың дамуының заңдылығы ретінде. Дінді зерттеудің әмбебап әдіснамалық қағидаларына байланысты ізденіс.

Дін түсінігі. Дін мәдениет феномені ретінде. Діндер классификациясы

Дін түсінігін анықтаудағы негізгі тәсілдер. Діннің мәндік сипаттамалары. Діннің негізі және алғышарттары. Дін мәдениет жүйесінде. Діннің қоғамдағы функциялары.

Дінді классификациялау мәселесі. Діндердің көптүрлілігі және оларды классификациялау мәселесі. Діндер классификациясына эволюциялық ыңғай. Дін тарихының эволюциялық моделі. Дін тарихының қағидалары. Дін тарихының пәні, мақсаты және негізгі түсініктері. Дін тарихы эмпирикалық материалдың негізгі бастауы ретінде. «Параллельдер заңы» Р. Отто. Ф.М.Мюллердің дін тарихының тілдік бейнесі. Этнодінтану дәстүрі. Гегельдің діндер классификациясы. Таралуына қарай діндер классификациясы (тайпа-рулық, ұлттық, әлемдік). Құрылымдарына қарай діндер классификациясы. Діннің қарапайым формалары, политеизм, супремотеизм, пантеизм, дуализм, монотеизм, теизм. Діндер классификациясының пікірталасты мәселелері.

Діннің мәндік сипаты жайлы философиялық тұжырымдамалар

Дін философиясы тұрғысынан дін әлеуметтік-мәдени феномен ретінде: У. Джемс, Р. Отто, М. Элиаде, М. Мюллер.

Уильям Джеймстың прагматизмі және радикалды эмпиризм. Р.Отто діннің нуменозды болмысы туралы. М. Элиаденің иерофаниды діни феномен ретінде (hierophanie) түсіндіруі.

Постмодернистік дін философиясының плюрализмі. Постмодернистік дін философиясы. Ф.М. Мюллер, Ж. Лакан, Ж. Делез, Ф. Гваттари. Постмодернистік философияның діни бағыты. Д.Р. Гриффин және Х. Смит.

Постмодернистік философияның бейконфессионалды бағыты. Ж. Батай, М. Фуко, Ж. Бодрийяр, Ж. Деррида, Ж.-Ф. Лиотар.

Діннің әлеуметтанулық тұжырымдамасы

Дін әлеуметтануының негізін салушылар Э. Дюркгейм, Г. Зиммель, М. Вебер, В. Шмидт және т.б. Дін әлеуметтануының постклассикалық кезеңінің

негізгі өкілдері Г. Зиммель, К. Манхейм, К. Леви-Стросс, М. Фуко, М. Лакан және т.б.

Э. Дюркгейм, діннің әлеуметтік тұжырымдамасы. «Діни өмірдің карапайым формалары. Австралиядағы тотемдік жүйе» шығармасындағы дін әлеуметтануы мәселесін, дін мәселесін қарастыруы. Э.Дюркгеймнің дінді салт-жоралар мен бірегей сенімдер жүйесі ретінде қарастыруы. Э. Дюркгеймнің дінтанулық тұжырымдамасының теориялық-әдіснамалық қағидалары, дінді анықтау.

М.Вебер діннің капитализм рухына әсері жайлы. М. Вебер, діни мәселелерге арналған шағармалары: «Әлемді діни тұрғыдан қабылдамаудың бағытары мен сатыларының теориясы», «Әлемдік діндердің шаруашылық этикасы», «Протестанттық этика және капитализм рухы», «Дін әлеуметтануы (Діни қауымдастықтар типтері)». М. Вебердің көзқарастары бойынша негіз болатын материалдық заттар емес, рухани құбылыстар, соның ішінде ерен еңбек, аскеттік мінез-құлық, саналылықты уағыздайтын протестанттық дін негізгі болып табылады. Макс Вебердің негізгі шығармасы «Протестанттық этика және капитализм рухы». М. Вебер діннің әлеуметтік ролі, капиталистік жүйеге әсер ететін рухани факторлар туралы. Макс Вебер протестантизмнің діни этикасының «капиталистік рухқа» сәйкестігі жайлы. М. Вебер діни харизма туралы.

Дін феноменінің психоаналитикалық парадигмалары

Діннің психоаналитикалық тұжырымдамасының негізін салушы З. Фрейд. З.Фрейдтің шығармалары: «Тотем және табу», «Мұса адам және монотеистік дін», «Леонардо да Винчидің балалық шағын еске алу» және т.б. Діннің психоаналитикалық тұжырымдамасы дінге деген жалпыпсихологиялық және әлеуметтік-психологиялық ыңғай ретінде. З. Фрейдтің дінді бейсаналы сублимация ретінде түсіну көзқарасы. З. Фрейдтің діннің психоаналитикалық тұжырымдамасының екі постулаты: 1) дін дегеніміз ұжымдық невроз; 2) дін невроздан қорғанудың ұжымдық құралы.

К.Г. Юнгтың психиканың архетиптік мазмұнын діннің негізі ретінде түсінуі. Діннің психоаналитикалық тұжырымдамасын К.Г. Юнг және Э. Фроммның дамытуы. К.Г. Юнг дін психологиясы мен аналитикалық психологияның негізін салушылардың бірі, заманауи діни модернизмнің бейконфессионалды бағытының өкілі. К.Г. Юнгтың тікелей діни мәселелерге арналған еңбектері: «Психология және дін», «Мессаға ауысудың символизмі», «Үшбірлік догматына психологиялық түсініктеме», «Иовқа жауап» және т.б. К.Г. Юнгтың дінді «ұжымдық беймазалық невроз», невроз діндарлықты жоғалту нәтижесі ретінде түсінуі.

Э. Фромм неотрейдизмнің негізін салушы. Э. Фромм діннің экзистенциалды табиғаты жайлы. Э. Фромм діннің табиғаты мен мәні туралы, оның шығармалары: «Психоанализ және дін», «Дзэн-буддизм және психоанализ», «Христос жайлы ілім», «Ие болу немесе бар болу (иметь или

быть)», «Сіздер Құдай сияқты боласыздар. Көне Өсиетті және оның дәстүрлерін радикалды түрде интерпретациялау» және басқалар.

Діндарлық мәселесі және оның қазіргі қоғамда көрініс табуы. Заманауи тұлғаның діни тұрғыда өзін-өзі анықтауы.

Дәстүрлі және дәстүрлі емес формалардағы діндарлық феномені. Қазіргі діндарлықтың негізгі ерекшеліктері.

Дінтанудағы діндарлық пен діни қозғалыс феноменінің концептуализациясы. Діндарлықты философиялық талдау әдіснамасы. Діндарлықтың мәні мен типтері. Қазіргі қоғамдағы діндарлықтың даму факторлары. Қазіргі қоғамдағы діндарлықтың дамуындағы үрдістер. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы қазақстандық қоғамдағы діни хал-ахуал. Қазіргі қоғамдағы діндарлықтың дамуындағы үрдістер, ерекшеліктер мен қайшылықтар. Қазіргі қоғамдағы діндарлықтың гуманистік ресурсы. Діни фундаментализм діндарлықтың көрініс табуының жағымсыз формасы ретінде.

Қазіргі қоғамдағы десакрализация жағдайындағы халық арасындағы діндарлықтың ерекшелігін зерттеу (зерттеу әдіснамасы мен әдістері); Секуляризация және десекуляризация, постсекулярлық қоғам (Ю.Хабермас), сакрализация және ресакрализация.

Қазіргі кездегі тұлғаның діни тұрғыда өзін-өзі анықтауы. Діни және конфессионалды сәйкестіктің көрінісінің ерекшеліктері.

Жаңа діни қозғалыстар: түсінігі, мәні, мәселелері

XX ғасырдың екінші жартысындағы "жаңа діни қозғалыстарға" (Гюнтер Керер), "квазидіндерге" (Ниниан Смарт), "криптодіншілдікке" (Мирча Элиаде), "секуляризацияға" (Толкотт Парсонс) деген қызығушылықтың артуы. XX-шы жүзжылдықтың екінші жартысындағы культтердің діни өршуі, жаңа діни қозғалыстар, экзотикалық рухани топтар және ерекше мистикалық мектептер.

Жаңа діни қозғалыстар феноменін зерттеудің теориялық-әдіснамалық алғышарттары. "Жаңа діни қозғалыстар" түсінігін анықтау мәселесі. Дәстүрлі емес діни қозғалыстардың қалыптасу себептері мен түсінігі, олардың классификациясы. Жаңа діншілдіктің формаларының пайда болу тарихы, сектанттық пен дәстүрлі емес наным-сенімдердің феномені (сатанизм, неопұтқа табынушылық). Жаңа діни қозғалыстардың сенімдік дереккөздерінің деструктивті бағыттылығы, олардың азаматтық қоғам жүйесіндегі ролі.

Қазіргі діни динамика үрдісі. Деструктивті тоталитарлы секталар. Діни тоталитарлы секталардың феномені және олардан шығу жолы. Тоталитарлы секталар сынды діни бірлестіктердің деструктивті сипаттамасын зерттеу және олардың басқа діни конфессиялардан айырмашылығы.

Дін тарихының қазіргі мәселелері

Діннің даму тарихы, пайда болуы мен мәні. Дін тарихы дінтанудың бір бөлімі ретінде. Дін тарихы бойынша дінтанулық жұмыстар: "Алғашқы қауымдық мәдениет" (Э. Тайлор), "Діни өмірдің қарапайым формалары" (Э. Дюркгейм), "Көне қала" (Н. Фюстель де Куланж), "Алғашқа қауым адамдарының рәміздері мен мистикалық тәжірибелері" (Л. Леви-Брюль) және басқалар.

Дін тарихы әртүрлі діндер мен олардың нақты формаларын барлық уақыт бойына жүргізілетін зерттеу ретінде. Діннің пайда болуын зерттеу, наным-сенімнің көне формалары (археологияның, этнографияның, салыстырмалы тіл білімі мәліметтері және т.б. негізінде.). Жалпы діндер тарихы, белгілі бір дін немес конфессия, дін мен конфессияның елтанулық тарихы аясындағы зерттеулер.

Дін психологиясы: негізгі мәселелері және даму болашағы

Дін психологиясының қазіргі күйіндегі ғылыми бағыт ретіндегі негізгі мәселелері. Дін психологиясының заманауи ғылымдар жүйесіндегі орны. Дін психологиясы діни құбылыстардың функциясы, дамуы мен қалыптасуының психологиялық заңдылығын, мазмұнын, құрылымын, құбылыстардың бағыттылығын, олардың діни кешендегі орны мен ролін және жеке адам, топтар, қоғамның діни емес саласына әсерін зерттейтін ғылым ретінде.

Дін психологиясының элеуметтік-психологиялық мәселелері. Дін психологиясының дифференциалды-психологиялық мәселелері. Дін психологиясының жас ерекшеліктік-психологиялық мәселелері, жас ерекшелігіне байланысты дінге деген көзқарасты зерттеу. Дін психологиясының педагогикалық-психологиялық мәселелері. Медициналық-психологиялық мәселелер. Діни психотерапия жеке психотерапевттік бағыт ретінде. Дін психологиясының этнопсихологиялық аспектілері.

Дін философиясының қазіргі мәселелері

Қазіргі дінтанудың теориялық-әдіснамалық мәселелері: дінді ғылыми танудағы дін философиясының орны мен ролі. Дін философиясы дінтанудың базалық бөлімі ретінде. Дін философиясының экспликациясы философиялық ой толғаудың арнайы пәндік саласы ретінде. Дінтанулық білім контекстіндегі философиялық танымның қажеттілігі мен маңыздылығы. Дін философиясы басқа нақты ғылымдар үшін метатеория және әдіснама ретінде.

Дінтанудың дін философиясымен арақатынасы турасындағы пікірталас. Дінтанудың теориясы мен әдіснамасындағы дін философиясының терістелуі. Дін философиясының дін туралы ғылымдағы орны мен роліне қатысты сыни көзқарас. Дін философиясының философиялық дінтану мен философиялық теологияға бөлінуі.

Дін философиясының діни философиядан айырмашылығы. Діни философия діни дүниетаным қағидаларынан шығатын Күдай мен әлем (онтология және метафизика), адам (антропология), қоғам (элеуметтану,

историософия) туралы түсініктер, идеялар, тұжырымдардың жиынтығы ретінде.

Дін әлеуметтануының қазіргі мәселелері

Тарихи зерттеулерден заманауи зерттеулерге басымдылық беретін жаңа діни жағдай. Зерттеу саласының өзгеріске ұшырауы, атап айтқанда тарихи талдаудан заманауи зерттеулерге, дінді зерттеудің жаңа әдістері мен әдістемелерін жасауға көшу.

Дін әлеуметтануы дінді әлеуметтік феномен ретінде қарастырады. Дін әлеуметтануының пәндік саласы: тұлғаның діни мінез-құлқы, әлеуметтік әрекет және діни білім, діни топтар мен институттар, олардың қызметі мен трансформациясы, дін мен қоғамның өзара әрекеттесуі. Дін әлеуметтануының әдістері мен әдістемесі, әлеуметтанулық зерттеулер. Дін әлеуметтануы, жалпы әлеуметтанулық теорияның болмауы және кейде бір бірімен байланысы жоқ көптеген эмпирикалық және жеке зерттеулерге бөлінуі. Жалпы әлеуметтанулық зерттеулер және дінтанулық білімнің басқа салаларымен өзара әрекеттесу болмаған жағдайда әлеуметтанулық зерттеулердің теориялық және әдіснамалық негіздерін әзірлеу қажеттілігі. Дінді нақты-әлеуметтанулық зерттеулер.

Діннің пайда болуы мен қоғамдағы маңызы. Макс Вебердің әлеуметтанулық тұжырымдамасындағы дін талдауы. Діннің қоғамға әсері мен өзара әрекеттесуі. М. Веберің "Протестанттық этика және капитализм рухы" атты еңбегінің сипаттамасы. Діннің элементтері мен типтері.

Дін феноменологиясының қазіргі мәселелері

Феноменология дін туралы ғылымдар контекстінде. Дін феноменологиясының тарихы мен әдістері. Батыстық дінтану феноменология жайлы. Дін феноменологиясының басты түсініктері: «қасиетті», «профанды» («қасиетті зат», «қасиетті сан», «қасиетті кеңістік және уақыт»), «нуминозды» және т.б. Дін феноменологиясының пәндік саласы жайлы гипотеза.

Дін феноменологиясы аясындағы классикалық теорияларды зерттеу, дінтанудың әдіснамасы мен пәні туралы пікірталастарды шешу. Қасиеттілік тұжырымдамасы және оның бөлігі болып табылатын нуминоздылықты талдау. XX ғасырдағы дін феноменологиясы. Дін феноменологиясының мәселелерін өңдеудегі бастыстық ғалымдар: П.Д. Шантепи де ла Соссе, Р. Отто, Г. ван дар Леув, М. Шелер, Ф. Хайлер, К.Ю. Блеекер, М. Элиаде және т.б. Дін феноменологиясының дамуына неміс философы Э. Гуссерльдің феноменологиялық философиясының және М. Хайдеггердің экзистенциализмінің әсері. Э. Гуссерль феноменологиялық философиясының негізін салушы. Гуссерлиандық нұсқадағы дін феноменологиясы XX ғасырдағы батыс дінтануының негізі ретінде. Қазіргі дін феноменологиясының дағдарысы. Э. Гуссерльдің феноменологиясының қайшылығы, субъективизмі, солипсизмі, феноменологияның гуссерлиандық

бағытынан өзге сенімді әдіснамалық негізге байланысты ізденіс.

Дін феноменологиясының бағыттары: діннің дескриптивті феноменологиясы (Шантепи де ла Соссе, Гео Виденгрэн), діннің типологиялық феноменологиясы (Мирча Элиаде), діннің интерпретативті феноменологиясы (Юко Клаас Блеекер), діннің неофеноменологиясы (Жак Ваарденбург).

Дін антропологиясының қазіргі мәселелері

Дін антропологиясы дін әлеуметтануы мен дін психологиясын қамтитын мәдени антропологиядағы бағыт ретінде. Дін антропологиясының зерттеу саласы – дәстүрлі қоғамдағы архаикалық наным-сенімдер, жаңа діндер мен жаңа діни қозғалыстар, ғылым, дін және магияның арақатынасы мәселесі. Діннің біртұтас антропологиялық теориясы мәселесі, діни наным-сенімдер мен жораларды зерттеу үшін жалпыға ортақ әдіснаманы қалыптастыру.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы дінді антропологиялық зерттеу: Макс Мюллер, Эдуард Тайлор, Джеймс Фрэзер, Уильям Робертсон-Смит. Батыстағы антропологиялық дінтану. Батыстық ғылымдағы антропологиялық немесе тарихи-эволюционистік мектеп (Э.Тайлор, Э.Лэнг, Г.Спенсер және т.б.) салыстырмалы этнографияның даму нәтижесі ретінде. Дінді антропологиялық зерттеу әдіснамасы. Э. Тайлор мифтің пайда болуы туралы. Дж. Фрейзер магия мен анимизмнің байланысы жайлы. Дж. Фрейзердің тұжырымдамасындағы миф және ғұрып. Үндістан, Қытай және Ежелгі Греция діндеріндегі, христиандық, ислам, иудаизм сынды түрлі діни дәстүрлердегі антропологиялық идеяларды талдау. Православтық, католиктік және протестанттық антропологияның салыстырмалы талдауы. XX ғасырдағы дін антропологиясындағы дінге анықтама беру талпынысы: Э. Тайлор, К. Гирц және М. Спиро. Дін антропологиясындағы зерттеудің пәндік саласы мен діни сенім мәселесі.

«Дін антропологиясы» (Anthropology of religion) мен «Діни антропологияның» (теологияның бөлімі ретінде түсінілетін) байланысы. Дін антропологиясы – ұлттық және әлемдік діндердегі адамның Құдайға, қасиетті нәрселерге қатынасы жайлы түсінік; сонымен бірге – Құдай ілімі философияның бөлімі немесе пәні, қасиетті мәтіндер мен сенім дәстүрлеріне негізделген мәнділік, адамның пайда болуы мен міндеті туралы ілім.

Қазіргі Қазақстандағы дінтану: хал-ахуалы және болашағы

Қазақстандық қоғамдағы дінтанудың қалыптасуының ерекшеліктері. Қазіргі Қазақстандағы дінтанудың дамуының негізгі сатылары. Кеңестік және посткеңестік кезеңдегі атеизм. Дінтану және атеизм: түбегейлі айырмашылығы. Теология. Исламтану. Қазіргі қазақстандық дінтанудың дамуының негізгі үрдістері.

Қазіргі қазақстандық дінтанудың өзекті мәселелері. Қазақстандағы конфессияаралық және діни үдерістерді зерттеудің әдіснамасы мен

әдістемесін негіздеу. Теориялық дінтанудың дамуы, аналитикалық бөлімінің салмағының артуы. Шетелдік дінтанудың жалпы әлемдік үрдістерін есепке ала отырып қазіргі қазақстандық дінтанудың дамуы.

Дін тарихы, дін философиясы, дін әлеуметтануы, дін психологиясы, дін феноменологиясы, дін антропологиясы бағыттары бойынша кадрларды дайындау, қазіргі қазақстандық дінтанудың құрамдас бөліктерін дамыту мәселелері. Нақты-әлеуметтанулық зерттеулердің кеңеюі және одан ары тереңдей түсуі. Қазіргі қазақстандық дінтанудағы далалық зерттеу мәдениетінің қалыптасуы.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Дінтанудың қазіргі ахуалы: пәні, функциясы және ғылымдар жүйесіндегі орны.
 2. Дінтанудың теориялық және әдіснамалық мәселелері
 3. Дін түсінігі. Дін мәдениет феномені ретінде. Діндер классификациясы
 4. Діннің қазіргі философиялық тұжырымдамалары
 5. Діннің қазіргі әлеуметтанулық тұжырымдамалары
 6. Діннің қазіргі психоаналитикалық тұжырымдамалары
 7. Діндарлық мәселесі және оның қазіргі қоғамда көрініс табуы.
- Заманауи тұлғаның діни тұрғыда өзін-өзі анықтауы
8. Жаңа діни қозғалыстар: түсінігі, мәні, мәселелері
 9. Дін тарихының қазіргі мәселелері
 10. Дін психологиясының қазіргі мәселелері
 11. Дін философиясының қазіргі мәселелері
 12. Дін әлеуметтануының қазіргі мәселелері
 13. Дін феноменологиясының қазіргі мәселелері
 14. Дін антропологиясының қазіргі мәселелері
 15. Қазіргі Қазақстандағы дінтану: хал-ахуалы және болашағы

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Дінтану білім саласы ретінде
2. Дінтану ғылым және оқу пәні ретінде
3. Дінтану теориялық білім жүйесі ретінде
4. Қазіргі гуманитарлық білім беру жүйесіндегі дінтанудың орны
5. Дінді ғылыми тұрғыда зерттеу кезіндегі дінтанушының конфессионалдық ұстанымы мәселесі
6. Дінтанудың терминологиялық аппараты: қалыптасу мәселесі
7. Діни тәжірибені зерттеу мәселесі және оны шешу тәсілдері

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Дінтанудың пәні, нысаны және мақсаты.
2. Дінтану эмпирикалық ғылым ретінде.
3. Дінтанудағы әдіс және әдіснама мәселесі.
4. Дінді анықтау мәселесі дінтанудың негізгі пәні ретінде.
5. Дін тарихындағы нысан-әдіс оппозициясы.
6. У.Джеймстің діни тәжірибені зерттеу қағидалары
7. Қазіргі гуманитарлық білім беру жүйесіндегі дінтанудың орны
8. Мәдениет, этнос, ұлттық мәдениет, дін зерттеу нысаны ретінде
9. Діннің семиотикалық талдауы және оның қазіргі кездегі мүмкіндіктері
10. Дінтанудағы қазіргі үрдістер

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі :

1. Мюллер, Ф. М. Введение в науку о религии : четыре лекции прочитанные в Лондонском Королевском Институте в феврале – марте 1870 года / Ф. М. Мюллер; Под общ. ред. А. Н. Красникова; Пер. с англ. Е. С. Элбакян. – М. : Высшая школа, 2002. – 258 с.
2. Радугин А.А. Введение в религиоведение: теория, история и современные религии: Курс лекций / Радугин А.А. - 2-е изд. М.: Центр, 2001.
3. Яблоков И.Н. Основы теоретического религиоведения. М., 1994..
4. Религиоведение [Текст]: учебное пособие для вузов/[М. М. Шахнович, М. Е. Кравцова, Т. А. Чумакова и др.] ; под ред. М. М. Шахнович.-СПб.: Питер, 2008.-430 с.
5. Ғ.М.Мұтанов, К.Х.Таджикова, М.Ш.Хасанов, Г.Ж.Нұрышева, Г.Қ.Құрманғалиева, Н.Л.Сейтахметова, А.С.Сырғақбаева, Б.А.Джаамбаева. Әл Фараби және қазіргі заман: оқу құралы. Ғ.М.Мұтановтың жалпы редакциясымен. Қазақ тіліне аударған Г.Ж.Нұрышева. – Алматы. – Қазақ университеті. 2014. – 223 б.
6. Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.Б., Борбасова К.М., Мейрбаев Б.Б., Абжалов С.У. Монография. Қазіргі Қазақстандағы дінтану: қалыптасуы мен даму жолдары. Ч – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 138б.
7. Зерттеу университетіне трансформациялау аясындағы дінтанулық білім. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Бас ред. Ғ.М.Мутанов. – Алматы, Қазақ университеті, 2012. – 334б.
8. Қазіргі Қазақстандағы дінтанулық білім беру жүйесі: жағдайы және перспективалары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Бас ред. Н.Ж. Байтенова. – Алматы, Қазақ университеті, 2014. – 347б.

9. Қазақстандағы мәдени және әлеуметтік-саяси дамуындағы діннің рөлі. Оқулық гуманитарлық-сұхбаттық жоба ретінде. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Бас ред. З.К.Шауқенова және С.Е.Нұрмұратов. – Алматы, ИФПиРКН МОН РК, 2015. – 334б.

10. Байтенова Н.Ж., Демеуова А.А. Религия как социокультурный феномен: религиоведческий дискурс. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2014. – 138б.

11. Байтенова Н.Ж., Демеуова А.А. Религия и общество: современный дискурс. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2014. – 138б.

12. Косиченко А.Г. Религия: сущность и актуальные проблемы. – Алматы, ИФПиРКН МОН РК, 2012. – 220б.

Қосымша :

1. Гараджа, В. И. Социология религии : учебное пособие для вузов / В. И. Гараджа. – 3- изд., перераб. и доп. – М. : ИНФРА, 2007. – 344 с.

2. Лекции по истории религии. Учебное пособие. СПб, 1997.

3. Мечковская, Н. Б. Язык и религия : Лекции по филологии и истории религий : Учебное пособие для вузов / Н. Б. Мечковская. — М. : Гранд, 1998. — 350 с.

4. Мистика. Религия. Наука : классики мирового религиоведения: [Антология: Пер. с англ., нем., фр.] / [Редкол.: Ю. В. Божко и др.; Сост. и общ. ред. А. Н. Красникова]. – М. : Канон+, 1998. – 430 с.

5. Мосс, М. Социальные функции священного / М. Мосс; [Пер. с фр. под ред. И. В. Утехина]. — СПб. : Евразия, 2000. — 444, [2] с.

6. Музафарова, Н. И. История религий: учебное пособие для вузов. — Ростов-на-Дону : Феникс, 2004. — 314 с.

7. Элиаде, М. Трактат по истории религии / М. Элиаде; Пер. с фр. А. А. Васильева. – Т. 1 – 2. – СПб.:Алетейя, 2000.

8. Васильев Л.С. История религий Востока: Учеб. Пособие для вузов/Л. С. Васильев. - 4-е изд. - М.: Кн. Дом «Ун-т», 1999. ТайлорЭ.Б. Первобытная культура. М., 1989.

9. Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.Б., Борбасова К.М., Мейрбаев Б.Б., Абжалов С.У. - Религии Казахстана. - Алматы, 2014. – 399с.

10. Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.Б., Борбасова К.М., Мейрбаев Б.Б., Абжалов С.У., Дуйсенбаева А. Дінтану негіздері.: ЖОО-на арналған оқулық. – Алматы: 2014. – 353.

11. Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.Б., Борбасова К.М., Мейрбаев Б.Б., Абжалов С.У. Современные религиозные движения и культуры. Алматы, 2015 . 326с.

12. Рысбекова Ш.С., Борбасова Қ. М. Діни антропология. Оқу - әдістемелік құралы. - Алматы «Қазақ университеті», 2013. 101 б.

DA 5301 – ДІНТАНУ ӘДІСНАМАСЫ (бейіндік бағыт)

Көлемі 3 кредит

Борбасова Қ.М. – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры

Рысбекова Ш.С. – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры

Пікір жазғандар:

Исмағамбетова З.Н. – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

Раев Д.С. – философия ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Дінтану әдіснамасы» пәні дінді зерттеу аясында қандай тәсілдер мен әдістемелік ұстанымдар қолданылатынын түсіндіре алатын жоғары білімді мамандар дайындауға бағыттайды. Дінтану танымның түрлі әдістерін пайдаланады. Кез-келген ғылымдағыдай, бұл пәнде де философиялық, арнайы жалпығылыми және жекеғылыми, теориялық және эмпирикалық әдістер: жүйелік әдіс, диалектика, талдау, синтез, жалпылау, абстракциялау, экстраполяция, үлгілеу, аналогия, индукция, дедукция, гипотеза, бақылау, эксперимент және т.б. тәсілдер қолданылады. «Дінтану әдіснамасы» пәні болашақ дінтану магистрларының ғылыми зерттеудегі мәселелерді шешуде күзіреттіліктерін қалыптастыруға көмектеседі. Аталған пән магистранттардың дінтану аясында олардың дінтану әдіснамасы саласындағы негізгі күзіреттіліктерін қалыптастыра отырып заманауи ғылыми білімді игеруін қамтамасыз етуге арналған. Оқу мерзімі – 1,5 жыл.

«Дінтану әдіснамасы» пәнін оқып қорытылындылау кезінде, магистрант:

Білуге тиісті:

- дін әдісін және олардың ғылыммен өзара байланысын;
- дінді зерттеудегі әдіснамалық теорияларды;
- негізгі әдіснамалық принциптер мен дінтанудағы ғылыми мәселелерді шешу жолын, дін психологиясы мен дін социологиясының әдіснамалық мәселелері, дінтанулық деректанудың гносеологиялық, эпистемиологиялық және теологиялық талдаудың негізгі әдіснамалық мәселелерін.

Істеуге тиіс:

- дінтануға қатысты ақпарат көздерін өздігінен іздеу жұмысын жүргізу;
- дін феноменін дүниетанымдық тұрғыда түсінуді зерттеу және әдіснамалық тұрғыда түсіндіру;
- дінді зерттеу әдіснамасының категориясын еркін және тәжірибелі пайдалану.

Игеруі тиіс: дінтанудың теориялық парадигмаларын, оқу материалын тәжірибеде қолдануға машықтану, қазіргі дінтанудың өзекті мәселелерін, әдістемелік мәдениет қалыптастыру арқылы ғылыми зерттеулердің үлгілерін, жалпығылыми мәдениетті.

Жалпы құзырет:

кұралдық: дін тарихы, дін психологиясы, дін социологиясы және дін антропологиясы шеңберінде жасалған дінтанулық зерттеулердің түрлі әдістерін қолдану; ойлау мәдениетін игеру, жазбаша және ауызша сөйлеуде ой қызметінің нәтижелерін дұрыс және сенімді рәсімдеу;

тұлғааралық: қоғамда қалыптасқан әдептілік және құқықтық нормалардың негізінде әлеуметтік қарым-қатынасқа дайын болу, адамдарды сыйлау, басқа мәдениетке толерантты болу; серіктестік сенімді қарым-қатынасты қолдауда жауапкершілікті алып жүруге дайын болу;

жүйелік: дінді зерттеуде заманауи тәсілдерге бағытталу; теориялық дінтанулық білім мен дінтанулық зерттеу әдістерін тәжірибеде қолдану;

пәндік: заманауи дінтанулық ғылымда әдістемелік пәнаралық тәсілдемелерді талдау, дінтанулық ғылымның басқа пәндермен арақатынасы арқылы дінтанулық білім алу, инновациялық қызметке қабілетті болу; болашағы бар ғылыми-зерттеулік және қолданбалы мәселелерді қоя және шеше білу; өзінің ғылыми және қолданбалы қызметіне сыни көзқараспен қарау.

Алдыңғы және кейінгі оқылатын пәндер: діндер тарихы, діни дін антропология, дін философиясы, дін социологиясы.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Бөлім атаулары
Әлеуметтік-гуманитарлық таным
Ғылыми таным әдіснамасы
Дінді түсіндірудегі ғылыми көзқарас құрылымының ерекшеліктері
Дінді оқып білудегі негізгі көзқарасты талдау
Дінтануды танып білу әдіснамасы
Дінтануды зерттеудің негізгі категориялары
Діннің символдық жүйе ретіндегі мәні
Діни дүниетаным және ғылыми түсінік
Дінтанудың негізгі идеялары
Дін социологиясы: әдіснамалық көзқарастың құрылуы

Дін психологиясы: әдіснамалық көзқарастың құрылуы
Дін феноменологиясы: әдіснамалық көзқарастың құрылуы
Діндер тарихы: әдіснамалық көзқарастың құрылуы
Дін философиясы: әдіснамалық көзқарастың құрылуы
Қазіргі дінтанудың әдіснамалық мәселелері
Қазіргі кезеңдегі дінтанудың үрдістері
Қазақстандық дінтану

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

«Дінтану әдіснамасы» курсы мазмұны бойынша мамандықтың жалпыкәсіби пәндерімен, философиямен, ғылым социологиясымен және басқа да тарихи-ғылыми зерттеулермен тығыз байланысты.

Пәннің мақсаты: магистранттарда дінтану саласында негізгі күзиретгіліктің қалыптасуына жағдай жасай отырып, дінтану әдіснамасы саласында магистранттардың заманауи ғылыми білімін игерту.

Пәннің міндеттері: а) дінді зерттеуде заманауи тәсілдерге бағытталу; б) теориялық дінтанулық білім мен дінтанулық зерттеу әдістерін тәжірибеде қолдану; в) болашағы бар ғылыми-зерттеулік және қолданбалы мәселелерді қоя және шеше білу; г) өзінің ғылыми және қолданбалы қызметіне сыни көзқараспен қарау.

«Дінтану әдіснамасы» пәнінің нысаны әлеуметтік мәдени тарихи контекстіндегі тарихи өзгерістерге толы әлеуметтік-мәдени контекстегі білімдерге негізделген діни танымның ортақ заңдылықтары мен үрдістері болып табылады.

Әдіснама алғашқыда адамадардың объективті әлеммен қарым-қатынасының практикалық формаларында көрініс береді. Одан әрі ол рационалды танымның арнайы пәні ретінде бөлініп, таным мен әрекеттің әлеуметтік тұрғыдан сыннан өткен ережелер мен нормативтер жүйесі ретінде бекіп, өмірдің заңдылықтарымен сәйкестендіріледі. Әдіснама білімінің элементтері мәдениет дамуының ерте кезеңінен-ақ белгілі бола бастайды. Өндіріс, техника, өнер, ғылым мен мәдениеттің дамуымен бірге әдіснама танымдық қызметті ұйымдастыру принциптерін пайымдауға бағытталған арнайы теориялық рефлекстерінің пәніне айналады және оның құрамында білімнің мазмұны, құрылымы, шарттары және ақиқатқа жетелеуші жолдар анықтала түседі. Соның негізінде XIX ғасырда теориялық дінтану қалыптасады.

Пәннің нысаны болып дінтануды зерттеудің әдіснамалық принциптері табылады. Діндер туралы білім маманның кәсіби қызметінің кез-келген түрін іске асыруда, оқытушылық және зерттеу қызметі, эксперт және кеңесшілермен, түрлі дін өкілдерімен қарым-қатынаста аса қажет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ТАНЫМ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Ғылыми таным методологиясы

Ғылым методологиясының негізгі міндеті. Ғылыми әдістердің жүйелілігі және тізбегі. Эвристика және ғылыми шығармашылық. Негізгі жалпығылыми әдістер. Жорамалдық (статистикалық әдістер). Модельдеу. Ойдағы тәжірибе. Эмпирикалық әдістер. Эмпирикалық факт. Эмпирикалық заң. Ғылыми мәселе және гипотеза. Эмпирикалық ғылымдардың негізгі әдістері. Гипотетико-дедуктивті әдіс. Жалпылау және идеалдау. Математикалық жаратылыстану.

Теориялық әдістер. Аксиоматизация және теорияны түсіндіру мәселесі. Формализация. Тарихи және логикалық әдістің ерекшеліктері. Ғылыми танымдағы агностицизм тамырлары. Ғылым жүйе ретінде. Пәнаралық тәсілдер. Т. Кунның парадигмалық «ғылыми революциялары», Г. Башлярдың «эпистемологиялық профилі», М. Фуконың гуманитарлы білімдегі археологияның «эпистемиялық алшақтығы». Эпистемалар мен парадигмалардың корреляциясы. Экзистенциалды тәсіл. Гуманитарлы ғылымның әдіс мәселесі («Истина и метод» Х.-Г. Гадамера т.б.).

Дінді түсіндірудегі ғылыми көзқарастың қалыптасу ерекшеліктері

Дінтану өзінің пәндері және әдістерімен бар жеке ғылым ретіндегі білім саласы: әдіснамалық негіздеме. Оның эмпирикалық және теориялық деңгейлері. Дінтанулық теорияның дескриптивті, түсіндіру және болжаулық қызметтері. Дінтанулық сараптама (кешенді, құқықтық және өнертанулық). Дінтану «унитарлы» кешенді пән ретінде. Кешенді дінтанулық әдістің әмбебаптылығы мен бірегейлігі мәселесі.

Дін туралы ғылымның қызметтері. Дін туралы ғылыми білімнің ерекшелігі. Дінтану ғылымының қалыптасу кезеңдері, оның бөлімдері: дін феноменологиясы, дін философиясы, дін психологиясы, дін әлеуметтануы, діни антропология, дін тарихы дінтанудың деректер базасы ретінде.

Дінді зерттеудегі негізгі көзқарастарды талдау

Діннің шығу тегі. Негізгі гипотезалар (табиғилық, анимистикалық, антропологиялық, әлеуметтік, протодін гипотезасы). Негізгі дүниетанымдық жүйелер (теизм, деизм, пантеизм, атеизм, политеизм, анимизм, тотемизм). Діни көзқарас. Христиандық, исламдық, будда діндеріндегі діннің шығу тегі мен мәні. Догматиканың пайда болу мәселелері. Догмат және канон. Қасиетті жазу және Қасиетті Тарту. Анықталу типтері: теологиялық түсініктеме (Э. Трелч, Р. Отто, П.А.Флоренский, П.Л. Бергер, Т. Лукман және т.б.), философиялық (Б. Спиноза, И. Кант, Ф. Гегель, Л. Фейербах және т.б.), әлеуметтік (М. Вебер, Б. Малиновский, Э.Дюркгейм, Т.Порсонс т.б.), биологиялық және психологиялық (У.Джеймс, Л.Леви-Брюль, З.Фрейд,

Э.Фромм, К.Г. Юнг және т.б), этнологиялық түсініктеме. Әлеуметтік гуманитарлық ой тарихындағы дін: методологиялық аспектілері. Діннің ғылыми танымының принциптері.

Дінтанулық таным әдістері

Дінтану әдісінің түсінігі. Дінтану әдіснамасының топтапмасы. Барлық ғылымдар сияқты дінтануда жалпы философиялық, әлеуметтік – философиялық, арнайы, жалпығылымдық және жеке ғылымдық, теориялық және эмпирикалық әдістер қолданады, олардық сипаттамалары. Жалпы ғылыми көзқарас. Бүтін нысандық таным методологиясы ретіндегі жүйелік көзқарас. Арнайы дінтанулық бағыттар. Баяндалу принциптерінің сипаттамалары. Қазіргі таңдағы адамдарға дінтану ұсынымдарының мәнділігі. Дінтану принциптері. Объективтілікті қатаң ұстану, нақты – тарихи пәндерді қарастыру. Дінді рухани мәдениеттің дамуының контексті ретінде қарастыру. Дүниетанымдық мәселелерді адам болмысы тұрғысында талдау, адам өмірінің мәні мен тіршілігі, мақсаты, өлім және мәңгілігі туралы сұрақтарды философиялық антропология сұрақтары қатарынан қарастыру. Барлық мәселені толеранттық бағытта баянда. Адам, қоғам, әлем туралы діни және діни емес көзқарастар диалогында пайымдау. Принциптік позиция: дінтанудың мазмұнын, дидактикасын және әдіснамасын діннің, сенімнің, ар ождан бостандығына қатысты мемлекеттік және халықаралық құжаттармен сәйкестендірілу.

Дінтанулық зерттеудің негізгі категориялары

Дінтануда жалпы философиялық және әлеуметтік – философиялық категориялар қолданылады. Олар: «болмыс», сана, таным, бейне, символ, ақиқат, адасу, елес, қоғам материалдық рухани өндіріс, мәдениет жатсыну және т.б. Логика, этика, эстетикадан алынған түсініктер мен терминдер: «белгі, ойлау мәні, намыс, жауапкершілік, қайрымдылық, қайғыға ортақтасу, сұлулық» және т.б. Жалпы ғылыми түсінік: «жүйе, құрылым, функция, роль, заң» және т.б. Жеке ғылыми түсінік: «дәуір, құқық, елес, сенім, сезім, көңіл күй, азап шегу, араласу, тіл, өмір, өлім» және т.б. Арнайы дінтанулық түсініктер мен терминдер: «дін, теология, діндарлық мәдениет, шіркеу, конфессия, храм, дұға оқу» және т.б. Ең маңызды орынды иеленетін түсініктер мен терминдер: «Құдай, періште, тозақ, жәннат, Бодхитсаттва, көрегендік. Діндегі өзгеру процесін бейнелейтін түсініктер: «даму және жаңару, сакрализация, секурализация, детеологизация, демифологизация, модернизация» және т.б.

Дін символдық жүйе

Дінтанудағы діннің сипаттамаларының варианттары. Дінді түсіндірудегі семиотикалық көзқарас. Дінді адам тәжірибесімен ұйымдастырылған символдық жүйе белгесі ретінде қарастыру. Семиотикалық көзқараста қарастырылатын мифтік, магиялық, сиқырлық

туралы теориялар. Діни дүниетанымдағы әлемнің символдық тәртіпке келу. Әлемнің діни суреті және діни антропология (теоцентризм). Діннің реттеу мүмкіндіктері. Мораль және дін. Діни этика және адамның адамгершілік мәселелері.

Діни дүниетаным және ғылыми таным

Әлемді діни тұрғыда қабылдауға ғылымның әсері. Ғылыми рационалдылық және құндылық. Ғылым және дін: Тарих және қазіргі кезеңнауилық. Теософия интегральды әлемдік көзқарас әрекеті. Ғылым және білім: гуманитарлық және сциентисттік парадигма. Философиядағы белгілі бағыттар бойынша әдіснамалық көзқарастың құрылуы.

ДІНТАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАРЫ

Дін тарихы: әдіснамалық көзқарастың қалыптасуы

Жалпы тарих пен археологияның дескриптивті әдісі. Генетикалық және каузальді талдау. Өткенді қайта жаңғырту. Адамзат діндері. Түпнұсқаларды жинау, түсіндіру және баға беру. Дін тарихының түпнұсқалық базасын жүйелеу және топтастыру. Ғылыми тарихтану және деректану. Салыстырмалы- деректанулық талдау. Классикалық және классикалық емес тарихи парадигмалардың бөлінуі. Ежелгі және ортағасырлардағы діни артефакттардың палеографиясы және археографиясы.

Миллер, Ш. де Бросс, Ш.Ф. Дюпюи, Ф.К. Баур и Д.Ф. Штраус, И. Бахофен, Ф. де Куланж, Ж.Э. Ренан, У. Робертсон Смит, Э.Б. Тайлор, Дж. Фрэзер, Ю. Вельгаузен, А. Дреус, В. Шмидт, Ф.И. Щербатский, В.В. Бартольд, А.Б. Ранович, Р.Ю. Випнер, А.В. Карташов және т.б. шығармаларындағы дін тарихының мәселелері.

Дін социологиясы: әдіснамалық тәсілдің қалыптасуы

Дін социологиясы ғылыми пән ретінде. Дін социологиясының дереккөздері. XVII–XVIII ғғ. ағылшын философтары Т. Гоббс, Г. Болинброк, француз философтары мен XVIII ғ. қоғамдық-саяси ойдың өкілдері Ш.Л. Монтескье, Ж.Ж. Руссо, К.А. Гельвеций, американдық тарихшы этнограф Л.Г. Могран, француз философы және социологы О. Конт, ағылшындық философ және социолог Г. Спенсердің ойлары. Діннің социологиясылық түсіндірмесінің жалпы негіздері мен теориялық тәсілдердің әртүрлілігі. Дін және әлеуметтік ынтымақтастық: Э.Дюркгейм. Дінді құрылымды-функционалды талдау: Малиновский и А.Р. Рэдклифф-Браун. Жүйелік-функционализм: Т. Парсонстың теориясы. Функционализмді сынау: Р.Метрон. Дін және әлеуметтік өзгерістер: М.Вербер. Неозволюционизм: Т.Парсонс және Р.Белла. Дін және қақтығыс: К. Маркстің дін теориясы және қазіргі таңдағы дін теориялары. Дін саласындағы нақты-әлеуметтік зеттеулер әдістері.

Категориялы-тұжырымдамалық (теориялық) және нақты-әлеуметтік зерттеудің деңгейінің заманауи әдіснамасы: таксономия, кластерлі талдау, жобалық әдістер (ассоциациялар) және болжамдау әдістері, статистикалық әдіс, корреляциялық, дисперсиялық, факторлы талдау; контент-талдау жұмысы, іштей бақылау әдісі, ойындық тәсіл, социометрлік тест, сауалнама, интервью.

Дін психологиясы: әдіснамалық көзқарастардың қалыптасуы

Сенім түсінігі сананың күйі ретінде. Сенім мәселесінің және сенімнің нұсқалары. Діндік сенім және діндік тәжірибе. Діндік ұсынымдардың бар болуы және сенімдегі сенушінің қайғыруы. Діндік тұлға және діндік топ: діннің шыдамсыздық, авторитарлық фанатизм, фатализм мәселелік топ және тұлға.

Дінтанудың әлеуметтік-психологиялық типологиясы. Дінтанудағы діншілдік феноменнің сипаттамасы, психоталдаудағы дінтануды түсіндіру нұсқасы. Дін психологиясының тарихы. Діннің психологиялық негізін қалаушы неміс психологы, физиолог, философ В.Вундт, ағылшын психологы С. Холл америка психологы және философы У.Джеймс (1842-1910) неміс философ В. Дильтей, америка психологы Дж. Леуб, француз философы, социолог, психолог және этнограф Л. Левибрюль, француз психологы Т.Рибо, америка психологы Э.Старбек, француз психологы Э.Флурнуа және т.б. Діннің психологиялық теориясы. Діннің психоаналитикалық түсінігі (З. Фрейд, Э.Фром, К.Г. Юнг.)

Дін феноменологиясы: әдіснамалық көзқарастың қалыптасуы

Дін феноменологиясы дінтанудың бөлімі ретінде. Дін феноменологиясының философиялық алғы шарты (И. Кант, Э. Гуссерль, Ф. Шлейермахер, М. Шеллер) зерттеудің феноменологиялық әдісі. Э. Гуссерль философиясы дін феноменологиясы зерттелуінің әдіснамалық базасы ретінде. Дескрептисті немесе сипатталынған дін феноменологиясы, дін типтері, топтамалары және дін феноменінің сипаттамасы. Діни феномендерді және олардың сапалы сипаттамаларын анықтаудағы діннің интерпертативтік классикалық феноменологиясы. П.Д. Шантепи де ля Соссе зерттеуіндегі дін феноменологиясы. Р. Отто кіргізген «қасиетті және нуинозды» ұғымдары. Г. Ван дер Леувтың «Дін феноменологиясына кіріспесі» және «Дін феноменологиясы». Дінді герменевтикалық талдау. Діндік феномендерді топтастыру мәселесі.

Дін философиясы: әдіснамалық көзқарастың қалыптасуы

